

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Бумен жібіткіш
DEXP QY-160

Мазмұны

Құрылғының міндеті	5
Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	5
Жиынтықталымы.....	6
Техникалық сипаттамалары.....	6
Құрылғы сұлбасы.....	6
Бүмен жібіткішті құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	7
Заттарды үтіктеу бойынша ұсынымдар	9
Күту және тазалау.....	9
Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері	10
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	11
Қосымша ақпарат	11

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының міндеті

Бумен жібіткіш - киімге және үй бұйымдарына күтім жасауға мүмкіндік беретін құрылғы. Бу ағыншасы костюмдер мен пальтоларды, жібек пен шілтерді үтіктейді. Бу кір жуғаннан кейін перделерді тиімді жазады және жұмсақ жиһазды ластанулар мен жағымсыз иістен тазартады.

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық

- Бумен жібіткішті пайдаланған кезде қуат желісін басқа қуатты аспаптармен жүктемеңіз.
- Бумен жібіткішті тек нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз.
- Құрылғыны, қуат кабелін немесе штепсель айырын суға салмаңыз.
- Бумен жібіткіш жұмыс істеп тұрған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыны балалардың жанында пайдаланған кезде мұқият болыңыз.
- Егер контейнерде су болмаса, бумен жібіткішті пайдаланбаңыз. Контейнерде үнемі судың болуын және деңгейін тексеріп отырыңыз.
- Күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық бөліктеріне қол тигізбеңіз және будың теріге түспегенін қадағалаңыз.
- Бу құбыршегінің бұралуына жол бермеңіз, бұл бу ағынын айтарлықтай әлсіретуі мүмкін. Құбыршек бұралған кезде оны түзетіңіз, бу үтікшесін жоғары көтеріңіз және, бу жіберуді қалпына келтіру үшін, осылайша 2-3 секунд ішінде ұстаңыз.
- Жұмысты бастар алдында құрылғыға қызу үшін уақыт беріңіз (бұған шамамен 45 секунд қажет).
- Жұмысты аяқтағаннан кейін құрылғыға сууға уақыт беріңіз (бұған шамамен 30 минут қажет).
- Контейнерді суға толтырар алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Орнын ауыстыру немесе тазалау алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны және қуат кабелін ашық от көздерінен, ас үй плиталарынан және басқа қыздыру аспаптарынан алыс орналастырыңыз.
- Көрінетін зақымданулар анықталған кезде құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғы контейнерінде қақтың пайда болуына жол бермеу үшін су үшін ешқандай қоспалар мен хош иістендіргіштерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғы балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларға бақылау жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда.

Жиынтықталымы

- Бу үтікшесі және бу құбыршегі.
- Бу үтікшесіне арналған ұстағыш.
- Әмбебап шөтке-қондырма.
- Жиналмалы киім ілгіш.
- Шалбарға арналған қысқыш киім ілгіш.
- Алюминий телескоптық тіреу.
- Суға арналған контейнер.
- Ыстыққа төзімді қолғап.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: QY-160.
- Типі: тік.
- Қуат параметрлері: AC 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1580 Вт.
- Бүмен жібіту режимдерінің саны: 3.
- Суға арналған контейнердің көлемі: 1,2 л.
- Үздіксіз жұмыс уақыты: 35 мин.
- Бу ағыны: 35 г/мин.
- Бу құбыршегінің ұзындығы: 1,3 м.
- Желілік баусым ұзындығы: 1,8 м.
- Пайдалану саласы: тұрмыстық.

Құрылғы сұлбасы

1. Бу үтікшесі.
2. Жиналмалы киім ілгіш.
3. Бу үтікшесіне арналған ұстағыш.
4. Бу құбыршегінің бекіткіші.
5. Бу құбыршегі.
6. Алюминий телескоптық тіреу.
7. Шалбарға арналған қысқыш киім ілгіш.
8. Суға арналған контейнер.
9. Құрылғының корпусы.
10. Контейнер клапаны.
11. Сөндіргіш.
12. Су клапаны.
13. Әмбебап шөтке-қондырма.



Бумен жібіткішті құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Қаптамадан бүкіл ішіндегісін шығарыңыз да қорек баусымын жазыңыз.




2. Телескоптық тіреуді құрастыру үшін тіректі қажетті ұзындыққа жылжытып шығарыңыз, әр бөлімшені сағат тілі бағытымен бұрап, бекітіңіз. Тіреуді құрастыру үшін бөлімшелерді сағат тілі бағытына қарсы бұрау қажет.




3. Құрастырылған тіреуді контейнердің клапанына тірелгенше салыңыз. Тіреуді бекіту үшін клапан бекіткішін сағат тілі бағытымен бұраңыз.



4. Бу үтікшесіне арналған ұстағышты телескоптық тіреудің жоғарғы бөлігіне бұрап бекітіңіз, ол үшін оны сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз, содан кейін оған жиналмалы киім ілгішті орналастырыңыз. Оны қажетті енге жайыңыз. Киім ілгішті жинау үшін, оның ортасында орналасқан батырманы басыңыз.



5. Шалбарды бұмен үтіктеу қажет болған кезде шалбарға арналған қысқыш ілгішті алыңыз және телескоптық тіреудің жоғарғы бөлігіне бекітіңіз. Қысқыштары бар арқалықты тартыңыз және 90°-қа бұрыңыз.



6. Контейнер клапанының күнқағарын түсіріңіз және оған бу құбыршегінің ұшын жалғаңыз, содан кейін оны бекіту үшін, сағат тілі бағытымен бұрыңыз. **Назар аударыңыз:** әр пайдаланғаннан кейін бу құбыршегін құрылғының корпусынан ажыратып тұру және контейнер клапанының күнқағарын жауып тұру ұсынылады.
7. Әмбебап шөтке-қондырманы пайдалану қажет болған кезде қондырмадағы жоғарғы және төменгі пластик ысырмаларды бу үтікшесіндегі тиісті тесіктермен сәйкес келтіріңіз және қондырманы үтікшеде бекітіңіз. Қажет болған кезде шөтке-қондырма оңай шешіп алынады.



8. Бу үтікшесін ұстағышқа салыңыз.
9. Суға арналған контейнерді шығарып алыңыз, оны ашыңыз және қажетті белгіге дейін суға толтырыңыз.



10. Суға арналған контейнерді орнына орнатыңыз.
11. Құрылғы пайдалануға дайын.

Заттарды үтіктеу бойынша ұсынымдар

Назар аударыңыз: құрылғыны пайдаланған кезде абай болыңыз. Ыстық бу теріні қатты күйдіруі мүмкін. Бу ағыншасын өзіңізге немесе басқа адамдарға, сондай-ақ жануарларға бағыттамаңыз.

- Жоғары температурадағы бу матаның талшықтарын ғана жұмсартады, сондықтан үтіктеу үшін киімді тегіс бетке орналастыру немесе іліп қою қажет. Неғұрлым сапалы үтіктеу үшін мата ұшын екінші қолыңызбен тартып тұрыңыз.

Назар аударыңыз: осы қолға жиынтыққа кіретін ыстыққа төзімді қолғапты кию қадала ұсынылады.

- Бүктесіндерді үтіктеп, бу ағыншасын киімнің бойымен жоғарыдан төмен қарай жүргізіңіз.
- Мата будың әсерімен жақсы үтіктелуі үшін, бу үтікшесімен киімде тым жылдам жүргізбеңіз.
- Жейденің жеңдерін, олардыбір қолмен ұстап тұрып, жеке-жеке үтіктеңіз. Жағаны үтіктеген кезде оны түзетіп отыру және үтікті көлденең жүргізу ұсынылады.

Күту және тазалау

- Құрылғыны сөндіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғының толық суғанын күтіңіз (бұл шамамен 30 секунд алуы мүмкін).
- Суға арналған контейнерді алыңыз, оны ашыңыз және қалған суды төгіңіз, содан кейін оны жуып-шайыңыз, толық кепкенін күтіңіз және орнына орнатыңыз.
- Бу генераторының ағызу клапанын ашыңыз, резервуардан бүкіл суды ағазыңыз және клапанды жабыңыз.

Құрылғы пайдаланылған әр 100-120 сағат сайын оны қақтың пайда болуына қарсы құралмен өңдеп отыру қажет. Бұл үшін кейінгі нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Суға арналған контейнерге 1 литр су қосыңыз, қаққа қарсы құралдың 6 грамын қосыңыз және араластырыңыз. Құрал ерігеннен кейін контейнерді орнына қойыңыз.
 - Құрылғыны электр желісіне қосыңыз және 30 минутқа қосыңыз (контейнерде азғантай су қалуы тиіс).
 - Құрылғыны сөндіріңіз, оны электр желісінен ажыратыңыз, суға арналған контейнерді шешіп алыңыз, бу үтікшесінен бу шықпағанына көз жеткізіңіз, содан кейін құбыршекті құрылғының негізінен ажыратыңыз.
 - Құрылғыны төңкеріңіз және бүкіл суды ағазыңыз.
- Назар аударыңыз:** құбыршекте немесе суға арналған контейнерде қалған су ыстық болуы мүмкін, абай болыңыз.
- Суға арналған контейнерді мұқият жуыңыз.
 - Бу үтікшесі арқылы су құя отырып, құбыршекті жуып-шайыңыз. Су құбыршектің екінші ұшынан ағады, осылайша оны ішінде жиналған ластан жуып-шайып шығады.
 - Бөліктердің толық кепкеніне дейін қалдырыңыз, содан кейін құрылғыны құрастырыңыз.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Бу шықпайды. Жарық индикаторлары жанбайды	Құрылғы желіге қосылмаған	Құрылғыны желіге қосыңыз
	Үйдегі электр қоректендіру желісі проблемасы	Үйдегі электр қоректендіру желісінде қуат болуын тексеріңіз
Бу шықпайды, бірақ жарық индикаторлары жанып тұр	Құрылғыда қақ пайда болды	Құрылғыны қақтың пайда болуына қарсы құралмен өңдеңіз («Күту және тазалау» бөлімін қар.). Егер бұл көмектеспесе, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
	Суға арналған контейнер бос	Суға арналған контейнерді толтырыңыз
Құбыршектегі қатты шу	Құбыршекте конденсат пайда болды	Жұмыс кезіндегі шу («бүлкілдеу») - қалыпты құбылыс. Егер ол шамадан тыс болса, артық су қайтадан контейнерге ағылуы үшін құбыршекті тігінен орналастырыңыз.
Бу үзік-үзік шығады	Құрылғыда қақ пайда болды	Бумен жібіткіш үшін бу жіберуді бірнеше секундқа тоқтатып тұру қалыпты жағдай. Егер бу одан ұзақ кезеңдер ішінде жүрмесе, құрылғыны қақтың пайда болуына қарсы құралмен өңдеңіз («Күту және тазалау» бөлімін қар.). Егер бұл көмектеспесе, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының өткізілуі РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесіс. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Хуагуан Электрик Эпплайнс Груп Ко., Лтд.
Чжоусян өнеркәсіптік даму аймағы, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Құрылғының жиынтықталымы алдын ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club